

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 469 бұйрығына 88-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 528 -қосымша

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптары үшін «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» пәнінен жаңартылған үлгілік оқу бағдарламасы

-тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптары үшін «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» пәнінен жаңартылған үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау» (бұдан әрі - ӘТБ) пәнінің мақсаты жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың әр түрлі тұрмыстық және әлеуметтік жағдайларда белсенді және дербес болуға ықпал ететін арнайы әлеуметтік-бейімдеушілік біліктер мен дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

3. Оқу пәнінің міндеттері:

- 1) білім алушылардың тұрмыстық еңбектік дағдыларын қалыптастыру;
- 2) білім алушыларды әртүрлі кәсіпорындар мен мекемелерде бағдарлауға (сауда, тұрмыстық қызмет, байланыс, мәдениет, медициналық көмек), ондағы қызмет түрлерін пайдалана білудің қарапайым дағдыларын үйрету;
- 3) жақын және танымайтын орта адамдарымен қарапайым түрде тұрмыстық қатынас орнату;
- 4) психофизикалық даму кемшіліктерін түзеуге ықпал ету; сөздікті байыту және жүйелендіру; диалог пен монологты ауызша сөйлеуде дамыту.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. ӘТБ бойынша оқу процестерін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері арнайы педагогиканың принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады:

1) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды дайындау және дамыту ерекшеліктері мен ерекшеліктеріне қойылатын білім беру жүйесінің бейімділік қағидасы;

2) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудағы түзеу-дамыту бағыт олардың мүмкіндіктері мен білім алудағы айрықша қажеттіліктеріне байланысты оқыту қызметтері мен арнайы әдістерімен қамтамасыздандырылады;

3) оқытудың әлеуметтік-бейімдік бағыттары тұлғаның әлеуметтік бейімделмеуінің алдын алады немесе оны азайтады. Білім алушыларға әлеуметтік өмірге қажетті дағдыларды, мінез-құлықтарының әлеуметтік нормаларын игерту бойынша арнайы жұмыстар қарастырылады;

4) білім берудегі әрекеттік тәсіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды тұлғалық тұрғыдан дамыту ерекшелігіне байланысты білім беру құрылымы мен оның негізгі заңдылықтарын ашатын психологиялық ғылымның теоретикалық ережелеріне негізделеді. Және де ол ақыл-ой қалықтығы жеңіл тұлғаны дамыту оларға қолжетімді қызметті ұйымдастыру сипатымен анықталады (пәндік-тәжірибелік және оқу);

5) оқытудың тәжірибелік бағыты зерттелетін материал мен білім алушының тәжірибелік қызметі арасында тығыз байланыс орнатуды, тәжірибелік-бағыттық тапсырмаларды шешуге арналған бастапқы мәнге ие білім мен біліктерді қалыптастыруды қарастырады;

6) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқытудағы дифференциалды және жекелей тәсіл бағдарлама мазмұнын игеру мүмкіндігінің әртектелігімен, оқу материалдарын игеру кезінде көрінетін вариативті типологиялық ерекшеліктердің болуымен көрінеді, ол алынған білім, дағды мен икемдерге ықпал етеді. Ақыл-ойы кемістігі бар білім алушыларға арналған білім беру процесі типологиялық топтардың негізінде жүзеге асады (В.В. Воронкова бойынша). Әрбір типологиялық топтар үшін педагог балалардың мүмкіндіктеріне байланысты олардың күрделілігі мен көлемін есепке ала отырып оқу материалдарын дайындайды. Осымен оқыту жұмыстарының қарқыны, білім алушылардың дербестілік деңгейі, оқыту әдістері мен тәсілдері түрленіп отырады. Білім алушыларды топтарға шартты түрде бөліну. Дифференциалды тәсіл оқытуды жекелендірумен толығыады;

7) оқу-танымдық және тәжірибелік қызметке арнайы педагогикалық жетекшілік ету қажеттілігі танымдылық белсенділіктің төмен болуына, ойлаудың сараптамалық және жалпылама қызметтердің әлсіздігіне негізделеді. Ақыл-ойы қалық білім алушылардың дербес оқу-танымдық қызметтері, әсіресе 3 және 4 типологиялық топтар үшін қиын болған жағдайда педагог оқу тапсырмаларын сәтті орындауды қамтамасыз ету үшін білім алушы қызметінің жетілмеген компоненттерінің қызметтерін өзіне алады. Педагог ақыл-ой кемістігі бар білім алушының жалпы даму заңдылықтарын біле отырып сыныптың әрбір білім алушысының танымдық мүмкіндіктерін, оқытудың

арнайы әдістемесін ұйымдастырады және білім алушылардың оқу-танымдық қызметтерін бағыттайды.

5. Педагогикалық тәсілдерді жүзеге асыру оқытудың әртүрлі стратегияларын пайдалануды қарастырады:

- 1) мұғалім мен білім алушы арасындағы сенімділік атмосферасын құру;
- 2) әрбір білім алушының пікірін тыңдау;
- 3) білім алушының танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әрекет ету түрлері және жіті таңдалынып алынған тапсырмалардың көмегімен оқытуды дамыту және ынталандыру;
- 4) білім алушыға түсінікті тілдегі мысалдармен мәселелерді шешу стратегияларын үлгілеу;
- 5) білім алушының жекелей ерекшеліктерін есепке ала отырып дифференциалды тапсырмаларды құрау;
- 6) барлық сынып жұмысы мен білім алушының топтық, жекелей әрекеттерін ұйымдастыру.

6. Жекелей қарқында даму құқығын тану принципі әрбір баланың жекелей ерекшеліктерін сақтауға мүмкіндік береді. Бұл принципті ұстану бала дамуын ұдайы зерделеп отыруды қарастырады, мақсаты оны оқытудың жекелей бағдарламаларының мазмұнын анықтау.

7. Педагогтың өзбетімен мазмұнды, әдісті, түр, дидактикалық құралдарды білім алушылардың жекелей мүмкіндіктерін, білімдерін және тұлғалық жетістіктерінің мониторингін таңдау принципі.

8. Білім алушылардың заттық және әлеуметтік дағдыларын дамытуда тиісті мектептік ортаны жасау принципі:

- 1) білімдері мен дағдыларын өздері қолданатын жағдайға мүмкіндігінше жақын қалыптастыру. Бұл білімдері мен дағдыларын жаңа жағдайларда қолдану қиындық тудырумен байланысты;
- 2) кеңістікті, әртүрлі өмірлік жағдайлардың көрінісіне, заттық орта мезгілімен білім алушылардың қажеттіліктеріне қарай өзгеріп отырады;
- 3) жайлы әлеуметтік-тұрмыстық және заттық-дамытушылық орта мектепте жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жасын және физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып құрылады.

9. Мектептегі білім алудың күнделікті әрекеттерінің кешенді сипатының принципі оқу жоспарының бірнеше пәндік салаларының интеграциялық мазмұнын қабылдауды қарастырады, бұл мектепте оқу кезеңінде пәнсіз оқыту идеясын іске асырады. Сабақтар Бағдарламаның мазмұнын қолдана отырып, білім алушылардың жалпы дамуына бағытталған (қарым-қатынастық, қимылдық, сөйлеу тілдік, сенсорлық).

10. Оқыту-тәрбиелеу процесіндегі әлеуметтік бағыт принципі. Оқыту және тәрбиелеу ортасы шарасыз шектетілгендіктен, барынша білім алушылардың ерекшелігіне қарай бейімделгендіктен, сонымен қатар қалыпты дамып келе жатқан серіктестерімен араласуға мүмкіндік бермейтіндіктен,

баланы күрделі әлеуметтік ортаға қосатын әлеуметтендіру шараларын жүргізу талап етіледі:

1) кезең-кезеңмен және біртіндеп білім алушының мүмкіндігіне сай өмірлік тәжірибесін және әлеуметтік қарым-қатынасын дамыту;

2) қоғамға жанын жараламай енгізу үшін, төзімді және қолайлы орта құру. Осы мақсатта мектептің жүйелі жұмысы баланың отбасымен және қоғаммен болу қарастырылады.

11. ӘТБ пәнін оқыту процесінде білім алушыларда ақпараттық-технологияларды қолдану дағдыларын дамыту үшін жағдайлар жасалады. ӘТБ пәнін оқыту процесінде ақпараттық-технологияларды қолдану мыналардан тұрады:

1) шынайы өмірлік ситуациялардағы еліктемелер, сондай-ақ оларды ары қарай түсіну үшін аталмыш ситуацияларды зерделеу үшін компьютерлік үлгілерді қолдану;

2) тәжірибелік тапсырмаларды шешуге арналған аудио-, видео материалдарды өңдеу, кескіндеме, кестелерді, мәтіндерді өңдеу үшін бағдарламалық қамтамасыздандыруды пайдалану;

3) тәжірибелік тапсырмаларды шешу кезіндегі ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын пайдаланудың шығармашылық әдістері;

4) белгілі бір тақырып бойынша топпен жұмыс жасауға мүмкіндік беретін электронды құралдар көмегімен материалдарды жинақтау және тәжірибе алмасу;

5) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дербес қолдана алу дағдылары;

6) аудитория мен мақсаттарды анықтау үшін әртүрлі ақпарат көздерінен материалдарды іріктеуді қосатын коммуникациялық дағдыларды дамыту;

7) электронды оқулықтарды пайдалану.

12. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың сабақта белсенділігі мен өз бетімен жұмысты дамытатын негізгі шара түрлері:

1) тірі және өлі табиғатты және әлеуметтік өмірдің құбылысын бақылау;

2) заттық-тәжірибиелік әрекет;

3) ойын әрекеті және ойын қызметі;

4) тұрмыстық-еңбектік қызмет;

5) әлеуметтік-тұрмыстық қызмет.

13. ӘТБ пәнінде педагогикалық іс-шаралары білім алушының жеке белсенділігін дамытуға бағытталған.

14. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу материалдарын игеру нәтижелерін бағалау нормалары бағдарламада ұсынылған мақсатқа негізделген және білім алушыларың оқу жетістіктерін бағалау және тексеруді ұйыдастыр кезіндегі ортақ тәсілдерді жүзеге асыруға бағытталған.

15. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалау құралдарымен жүзеге асады. Бағдарламаны игеру нәтижелері

сабақ барысында тікелей мұғалім арқылы бағаланады. Ақыл-ойы кем білім алушылармен жұмыс жасаудың негізі саналатын «диагностика және түзеудамыту жұмыстарының бірлестігі» арнайы педагогиканың қағидасына сүйене отырып педагогтар бақылаушы бағалау қызметтерін жүзеге асырады.

16. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту нәтижесін бағалау ағымдық (сабақ барысындағы), кезеңдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде жүзеге асады.

17. Ағымдық бақылау сабақтағы білім алушылардың әрекеттеріне бақылау жасау, тәжірибелік және өзіндік жұмыстарға талдау жасау, қызметтің ұжымдық түрлері көмегімен жүзеге асады. Оның нәтижелері сабақ карточкаларына тіркеледі (сабақтың ақпараттық картасы, сабақ конспектісі). Сабаққа бақылау жасау оқу процесінің сапасын қамтамасыздандыру үшін педагогпен қолданылатын оқыту әдістері мен мазмұнын түзету мақсатында жүргізіледі. Мұндай бақылау сондай-ақ ынталандырушы және білім алушыларға қатысты тәрбиелік сипатқа ие.

18. Кезеңдік бақылау бағдарламалық тақырыптары, бөлімдерді зерделегеннен кейін жүргізіледі. Оның нәтижелері курс тақырыптары бойынша білім алушы жетістіктерінің картасында көрінеді. Әртүрлі типологиялық топтарда оқитын белгілі бір тақырып негізіндегі оқу материалдарын зерделеу нәтижелері бірдей болмайды. 1-типологиялық топ білім алушылары (В.В. Воронкова бойынша) оқу материалдарын игеруді білімді қолану деңгейінде көрсете алады. 2-типологиялық топ білім алушылары игеруді тақырыптың негізгі мазмұнын түсінумен көрсетеді. 3-типологиялық топ білім алушылары материалды тек танитын болады және өздерінің білімін өзекті ету үшін мұғалімнің көмегіне қажет етеді. 4-типологиялық топ білім алушылары олардың жетістіктерін бағалау жүзеге асатын жеке бағдарламалар бойынша оқиды.

19. Қорытынды бақылау тоқсанның, жылдың аяғында жүргізіледі. Педагогтармен міндетті түрде білім алушы жетістіктерінің жиынтық карталарында тіркелінетін оқу жылы ағымында бақылауға алынған әрбір сынып білім алушыларының дамуы мен жетістігінің қарқыны сарапталынады.

20. Бағалау процесінің көмегімен педагогтармен алынған ақпарат дағдылар мен икемдерді игеру кезінде пайда болған қиындықтарға дер кезінде және уақытында бейімделуге мүмкіндік береді. Педагог мұнда білім алушыларға көмек көрсету тәсілдері мен мазмұнын негіздеп анықтайды.

21. Сипаттамалы бағалау тек даму мен оқытудың деңгейін ғана емес, сонымен қатар оқушымен жұмыс жасаудың келесі қадамдарын анықтайды. Сипаттамалы бағалау мектеп білім алушыларының баламалық өзін-өзі бағалауын қалыптастыру мүмкіндігін береді. Мұнда білім алушы жетістіктерін бір-бірімен салыстыруға жол жоқ. Білім алушы жетістіктерін салыстыру оның алдыңғы жетістіктерімен байланысты болады. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға қатысты білім сапасы мен жетістіктерінің пайызын анықтау дұрыс емес.

22. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін сыни тұрғыдан бағалау педагогтардың бағалау қызметінің объективтілігін қамтамасыз етеді.

23. ӘТБ пәнін оқу барысында курстың тәжірибелік бағыты мақсатты түрде күшейтіледі. Рөлдік ойындар арқылы бекіту, тәжірибелік тапсырмаларды орындау, мәселелік тапсырмаларды шешу, өмірлік ситуацияларды талқылау, экскурсия және кездесу-сабақтарды ұсыну арқылы оқу материалының үлкен бөлігі қарастырылады. Бұл білім алушыларда қоғамдық нормалар мен құндылықтар, білік, білімге негізделетін қажетті әлеуметтік құзырлықтарды қалыптастыруға ықпал етеді.

24. ӘТБ пәнін оқыту процесінде келесі пәндермен пәнаралық байланыстар орнатылады:

1) қазақ тілі. Тұжырымдарды, ұсыныстарды, ойды дұрыс жеткізуде қазақ тілінің ережелерін қолдану;

2) математика. Есептеуіш және өлшеуіш дағдыларын пайдалануды талап ететін өмірлік ситуацияларды пайдалану;

3) Қазақстан тарихы. Қазақ халықының дәстүрі, тұрмысын көрсететін жағдаяттарды пайдалану.

25. Сабақтар қажетті жабдықтармен жарақтандырылған арнайы кабинетте жүргізіледі.

3-тарау. «Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

26. ӘТБ пәнінің оқу жүктемесі:

1) 5-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

2) 6-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

3) 7-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

4) 8-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

5) 9-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

27. ӘТБ оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) 1-бөлім «Денсаулық»;

2) 2-бөлім «Киім, аяқ киім»;

3) 3-бөлім «Тамақтану»;

4) 4-бөлім «Тұрғын үй»;

5) 5-бөлім «Көлік, көше»;

6) 6-бөлім «Отбасы»;

7) 7-бөлім «Мерекелер, салтанатты жиындар»;

8) 8-бөлім «Кәсіпорындар, мекемелер және байланыс құралдары».

28. «Денсаулық» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) жеке бас тазалығы;

2) медициналық көмек.

29. «Киім, аяқ киім» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) киім, аяқ киім, бас киім түрлері;
- 2) киімді, аяқ киімді күту.

30. «Тамақтану» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) азық –түлік;
- 2) ас үй, асхана ыдыстары, техника;
- 3) тамақ дайындау.

31. «Тұрғын үй» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) тұрғын үй түрлері;
- 2) тұрғын үйді жинау.

32. «Көлік, көше» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) көліктердің түрлері;
- 2) көліктегі және жолдағы жүріс-тұрыс;
- 3) қала ішіндегі жүру бағыттары.

33. «Отбасы» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) отбасы құрамы;
- 2) отбасылық қарым-қатынас;
- 3) Қазақстан Республикасы азаматының құжаттары.

34. «Мерекелер, салтанатты жиындар» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) мерекелерді дайындау және өткізу, сыйлықтар мен кәде сыйларды рәсімдеу;
- 3) құттықтаулар.

35. «Кәсіпорындар, мекемелер» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сауда кәсіпорыны;
- 2) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының (бұдан әрі – ТКШ) кәсіпорындары;
- 3) қаржы кәсіпорындары;
- 4) тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорыны;
- 5) байланыс құралдары кәсіпорыны;
- 6) мәдени ошақтары, демалыс орындары.

36. ӘТБ оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық: жеке гигиена, өнімдер мен заттар арқылы гигиеналық шаралар; алғашқы көмек көрсету, медициналық мекемелерде бағдарлау;

2) киім, аяқ киім: киімдер мен аяқ киімдердің түрлері, оның қолданылуы, күнделікті күту мен сақтау ережесі; маталардың түрлерінен жасалған заттарды жөндеу және жуу жұмыстары; әртүрлі аяқ киімдердің күту жұмыстары; ді.

3) тамақтану: азық-түліктің әртүрлі өнім топтары; олардың сақталу мерзімінің ережелері мен шарттары; ас үйдің құрылысы, ас және асхана ыдыстары бойынша бағдарлау; пешті пайдалану дағдысы және ең қарапайым тағамдарды мәзірлер мен рецептілер арқылы дайындау; тамақ қабылдау ережелері;

4) тұрғын үй: баспана түрлері; тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімдері; тұрғын үй мен қосалқы үй-жай түрлерін ажыратылуы; үйлер мен пәтерлерде жиһаздарды тиімді орналасуы; әртүрлі жөндеу, жинау жұмыстары;

5) көліктер, көше: қоғалдық және жеке көліктерді тағайындау туралы білімдер; ондағы тәртіп ережелері; автобекеттің, теміржол көлігінің және әуежайдың тағайындалған пунктері; қалалық көліктің түрлері;

6) отбасы: отбасы мүшелері; қалыптасқан отбасылық дәстүрлер; өзара қарым-қатынасты бағдарлау; отбасылық қордың құрылуы; Қазақстан Республикасы азаматының негізгі құжаттары туралы ілімдер;

7) мерекелер мен салтанатты жиындар: әр түрлі халықтардың дәстүрлері бойынша мерекелер мен салтанатты жиындар, мемлекеттік, діни, салт-дәстүрлерге арналған мерекелерді даярлау мен жүргізу дағдылары;

8) кәсіпорындар, мекемелер: дүкендердің түрлері және ондағы тауарлар туралы білімдер; әмбебап және арнайы дүкендерде, базарларда тұтыну; кәсіпорындарда, пошталарда, мәдени ошақтары және демалыс орындарында тұрмыстық қызмет көрсетуді пайдалану.

4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

37. Бағдарламаның мақсаты кодпен берілген. Кодта бірінші сан сыныпты білдіреді, екінші және үшінші сан – бағдарламаның бөлімін және бөлімшесін, төртінші сан- оқыту мақсатының нөмірін көрсетеді. Мысалы, кодта 6.2.1.4: «6» - сынып, «2.1» - бөлімшелер, «4» - оқыту мақсатының нөмірі.

38. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім «Денсаулық»:

1-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.1 Жеке бас тазалығы	5.1.1.1 гигиеналық құралдарды қолдана білу; 5.1.1.2 гигиеналық құралдардың маңызын білу; 5.1.1.3 қолдана білу:	6.1.1.1 шашты күту (жуу, фенмен кептіру, қарапайым шаш үлгісін жасау); 6.1.1.2 шаш күтіміне арналған	7.1.1.1 шашты күту, жуу, шашты күтуге арналған құралдарды пайдалану ержелерін білу; 7.1.1.2 жеке және	9.1.1.1 өз беті мен дененің, шашының тазалығына көңіл бөлу 9.1.1.2 қажетті гигиеналық талаптарды орындай білу; 9.1.1.3	9.1.1.1 өз беті мен дененің, шашының тазалығына көңіл бөлу 9.1.1.2 қажетті гигиеналық талаптарды орындай білу; 9.1.1.3

	дененің, шаштың тазалығын өз бетімен қадағалау 5.1.1.4 қажетті гигиеналық процедураларды орындай білу;	құралдарды таңдау және сатып алу; 6.1.1.3 қолдарды, аяқтарды күту ережелерін білу; 6.1.1.4 уақытылы тырнақтарды алуды білу ,	интимді гигиеналар ережелерін сақтау және білу; 7.1.1.3 іш киімдерді жуа білу, 7.1.1.4 ваннаға , душқа жуыну мезгілін білу; білу;	заттар мен жеке гигиена өнімдерін таңдауға және пайдалануға , оларды дұрыс сақтауға; 9.1.1.4 алкогольдің , темекі шегудің, нашақорлықтың қауіптілігі туралы білу; жаман әдеттермен күрес қажеттілігін білу; 9.1.1.5 жұқпалы және жұқпалы аурулар туралы, олардың алдын алу шаралары туралы білу;	заттар мен жеке гигиена өнімдерін таңдауға және пайдалануға , оларды дұрыс сақтауға; 9.1.1.4 алкогольдің , темекі шегудің, нашақорлықтың қауіптілігі туралы білу; жаман әдеттермен күрес қажеттілігін білу; 9.1.1.5 жұқпалы және жұқпалы аурулар туралы, олардың алдын алу шаралары туралы білу;
1.2 Медициналық көмек	5.1.2.1 жәндік (маса, аралар) шаққан кезде көгеру, тырналған, жарақаттан	6.1.2.1 үйдегі дәрі қобдишасы туралы білу; 6.1.2.2. үйдегі дәрі қобдишас	7.1.2.1 дәріхана қызметін, жақын дәріхананың орналасу жерін, дәрі-	9.1.2.1 медициналық мекемелерге медициналық көмек көрсету үшін	9.1.2.1 медициналық мекемелерге медициналық көмек көрсету үшін

	ған кезде алғышқы медициналық көмек көрсету)	ының сақталу жерлерін білу; 6.1.2.3. үйдегі дәрі қобдишасының қолдану қауіпсіздігін сақтау және білу.	дәрмекті сатып алу ережесін; дәріхананы тауып алу, дәріханашымен диалогқа түсе білу	хабарласу ережесін білу, үйде дәрігер шақыру; 9.1.2.2 үйде науқастарға күтім жасау; 9.1.2.3 жарақат, мұрынның қанауы, сызаттар, жәндіктердің шағуы, күйік, үсік шалғанда, күнніңөтуі, тағаммен улану, бас ауыруы кезінде алғашқы көмек көрсете білу	хабарласу ережесін білу, үйде дәрігер шақыру; 9.1.2.2 үйде науқастарға күтім жасау; 9.1.2.3 жарақат, мұрынның қанауы, сызаттар, жәндіктердің шағуы, күйік, үсік шалғанда, күнніңөтуі, тағаммен улану, бас ауыруы кезінде алғашқы көмек көрсете білу
--	--	--	---	---	---

2) 2-бөлім «Киім. Аяқ киім»:
2-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
2.1 Киім, аяқ киім, бас киім түрлері	5.2.1.1 киім және бас киімдер түрлерін, олардың мерзім бойынша қолданысын білу;	6.2.2.1. зығыр, жүн, жібек, синтетикалық маталарда тігілген киімдерді күту;	7.2.1.1 аяқ киім түрлерін, оның қажеттілігін білу; 7.2.1.2 бас киімді күту және сақтау	8.2.1.1 дүкенде және базарда сатып алған кезде аяқ киімнің өлшемін және аяқ киім	9.2.1.1 дүкенге шығып, өз өлшеміңіз бойынша киім мен аяқ киім табуып, киім мен аяқ киім

	<p>5.2.1.2 киімдерді қолданысқа а байланысты ажырату және саралай білу; 5.2.1.3 өз киіміне ұқыпты қарайды</p>	<p>6.2.2.2. киім заттарын қолмен жуу, кептіру, үтіктеу және сақтау үшін орналастыра білу; 6.2.2.3 жейде, шалбар, көйлек, юбкаларды үтіктей білу</p>	<p>ережелерін білу; 7.2.1.3 бас киім атауларын білу; 7.2.1.4 бас киімді мезгілге және жағдайға қарай таңдай білу</p>	<p>ақауларын білу; 8.2.1.3 кең таралған тігін тігу бойынша жұмыстың кезектілігін білу; 8.2.1.4 үй жағдайындағы жүннен және синтетикалық матадан жасалған заттарды жуу ережелерін білу; 8.2.1.5 киім-кешек жапсырмаларындағы белгілерді анықтау; 8.2.1.6 блузкалар, жейделер, шалбарларды үтіктеу ережелерін білу</p>	<p>сатып алуды білу; 9.2.1.2 киіміңіздің өлшемін, сатып алу кезінде киімдегі ақаулар туралы білу; 9.2.1.3 өзіңізден және досыңыздан өзіңіздің киіміңізді өлшеуге арналған өлшемдерді ала білу; 9.2.1.4 киім сатып алған кезде сатушы-консультанттың кеңесінен сыпайы түрде бас тартуа білу 9.2.1.5 киімнің қажетгі заттарын таңдауға, көруге және оларды сатып алуды білу; 9.2.1.6 төсек төсеніштері</p>
--	---	---	--	--	--

					Н таңдауды сатып алуды, жууды, және сақтауды білу; 9.2.1.7 маусымдық киімдер мен аяқ киімді сақтауды орналастыра білу
2.2 Киім, аяқ киім күтімі	5.2.2.1. киімді және аяқ киімді күте білу; 5.2.2.2 киімге ұсақ жөндеу түрлерін жүргізу (түймелерді тігу);	6.2.2.1. зығыр, жүн, жібек, синтетикалық маталардағы тігілген киімдерді күту; 6.2.2.2. киім заттарын қолмен жуу, кептіру, үтіктеу және сақтау үшін орналастыра білу; 6.2.2.3 жейде, шалбар, көйлек, юбкаларды үтіктей	7.2.2.1 киімнің ерекшеліктері мен күтуіне байланысты шартты белгілерді (таңбаны) таңып білу; 7.2.2.2 кір жуудың, кептірудің, үтіктеудің ерекшеліктерін білу; 7.2.2.3 заттаңбада берілген шартты белгі бойынша киімді жуудың, кептірудің, үтіктеудің ерекшеліктерін білу;	8.2.2.1 дұрыс аяқ киім таңдауға және оны сатып алуға; 8.2.2.2 нұсқау картасындағы тірегі бар таралған тігісті тігу; 8.2.2.3 жапсырман көргеннен кейін алынған ақпаратты пайдалана отырып, жүннен және синтетикалық матадан жасалған заттарды жуа білу;	9.2.2.1 киім, аяқ киімге күнделікті күтім жасай білу; 9.2.2.2 қолмен және кір жуғыш машинада жуа, құрғата, үтіктей, әртүрлі маталарға арналған киімді сақтай білу; 9.2.2.3 кәдімгі рәміздер бойынша киімді жуу, кептіру және үтіктеу талаптарын анықтай

		білу.	ерін анықтай білу;	8.2.2.4 блузкалар, жейделер, шалбарлардың дәйектілігі бойынша үтіктеуді білу	білу; 9.2.2.4 үйде киімнен дақтарды кетіре білу; 9.2.2.5 жасалған материалын а байланысты аяқ киімге күтім жасай білу
--	--	-------	--------------------	--	---

3) 3-бөлім «Тамақтану»:
3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
3.1 Азық-түлік өнімдері	5.3.1.1 азық-түлік топтарын ажырата алу (көкөністер, жемістер, жидектер, сүт, ұн, ет өнімдері, балық, жармалар. Кондитерлік өнімдер тәттілер)	6.3.1.1 азық-түліктердің сақталу мерзімін білу; 6.3.1.2 азық-түліктерді сақтау орындарына, тоңазтқышқа орналастыра білу; 6.3.1.3 дайын тағамдарды сақтау; 6.3.1.4 сапалы және бұзылған	7.3.1.1 көкөністердің, еттің, балықтың алғашқы жылулық өңдеуінің жолдарын білу; 7.3.1.2 көкөністерді қоймада, жерқоймада сақтау ережесін білу;	8.3.1.1 өнім мақсатын білу 8.3.1.2 өнімдерді сынақтан өткізу шарттарын және мерзімін білу; 8.3.1.3 болашақта пайдалану үшін өнімдерді сатып алу, сатып алу тәсілдері туралы білу	9.3.1.1 түрлі топтардан тағамды ажырату; 9.3.1.2 (пайдалы) және бүлінген (тұтынуға жарамсыз) өнімдерді ажырату 9.3.1.3 тағамды тиісті орындарға орналастыруға;

		азық-түліктерді, тағамдарды анықтай білу; 6.3.1.5 уақытында тамақ қалдықтарым мен бұзылған тамақтарды тастау			
3.2 Асүй ыдыстары, техникасы	5.3.2.1 ас үйдегі ыдыстардың түрлері, құралдар мен жабдықтарды ажырата білу 5.3.2.2 оларды күту және сақтау ережелерін білу; 5.3.2.3 мектептің асханасында ағы дастарқанды әзірлей білу	6.3.2.1 плитаны пайдалану; (газ, электр), оны пайдалануда техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау; 6.3.2.2 азық-түліктердің тоңазтқышта орналасу тәртіп ережелерін білу; 6.3.2.3 тоңазтқышты пайдалану және оны таза ұстау ережесін	7.3.2.1 таңдап алынған мезір бойынша дастарқанды түскі асқа әзірлей білу; 7.3.2.2 асханалық аспаптарын қолдану ережелерін білу	8.3.2.1 қамырды жасау үшін қолданылатын әдісті білу; 8.3.2.2 өнімдерді дайындаудың техникалық құралдарын білу (консервілеу кілті, темір қақпақ, нейлоннан жасалған қақпақ); 8.3.2.3 консервілеу үшін ыдыстарды стерилизациялау жолдары;	9.3.2.1 ас үй, асхана, шай ыдысы, асхана аспаптары, ас үй аспаптары мен құралдарын, негізгі тұрмыстық ас үй құралдарын дұрыс қолдануға; 9.3.2.2 таңғы, түскі, кешкі асқа және мерекеге арналған үстелге қызмет ету 9.3.2.3 тамақтанғаннан кейін үстелді жинауға ыдыстарды

		білу; 6.3.2.4 азық-түлік өнімдерін тоназтқыш сөресіне орналасты ру тәртібін білу; 6.3.2.5 асүй ыдыстары н жуу және сүрту			жууға, және тоңазытқы шты жібітуге және жуу
3.3 Ас әзірлеу	5.3.3.1 шайды дайындау ережесін білу; 5.3.3.2 жұмыртқад ан тағамдар әзірлеу (жұмыртқан ы пісіру, құймақ жасау); псісірілмеге н көкөністер мен жемістерде н салат жасай білу; 5.3.3.3 бутербродт ардың түрлерін білу және оларды жасай білу; 5.3.3.4 кесетін	5.3.3.1 шайды дайындау ережесін білу; 5.3.3.2 жұмыртқа дан тағамдар әзірлеу (жұмыртқа ны пісіру, құймақ жасау); псісірілмег ен көкөністер мен жемістерде н салат жасай білу; 5.3.3.3 бутербродт ардың түрлерін білу және оларды жасай	7.3.3.1 түскі асты дайындай білу (жеңіл тамақ, көкөністен жасалған бірінші және екінші тағам, балық және ет тағамдары, жартылай дайын өнімдер); 7.3.3.2 түскі асқа дастарқан әзірлей білу; 7.3.3.3. суып қалған тағамдард ы жылыта білу	8.3.3.1 пеште және қыздырма пеште рецепт бойынша қамырдан (құймақ, күлше, торт) дайындауды білу; 8.3.3.2 көкөністерд і, жемістерді, жидектерді сақтауды білу; 8.3.3.Аспазд ық кітаптап бойынша бағдарлауд ы білу	9.3.3.1 ұлттық тағамдар дайындау (палау, бауырсақ, тұшпара); 9.3.3.2 аспазкітабы на бағдар беріп, рецепт бойынша тағамдарды дайындау; 9.3.3.3 мерекелік үстелдің мәзірін жасау

	кұралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін білу; 5.3.3.5. таңғы асқа үстел даярлай білу	білу; 5.3.3.4 кесетін құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін білу; 5.3.3.5. таңғы асқа үстел даярлай білу			
--	--	---	--	--	--

4) 4-бөлім «Тұрғын үй»:
4-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
4.1 Тұрғын үй ғимараттарының түрлері	5.4.1.1 баспана түрлері: жатахана, пәтерлер, жеке үйлер, пәтердегі тәртіп ережелерін білу; 5.4.1.2 баспана және қосымша ғимараттарды ажырату, 5.4.1.3 баспанадағы және қосымша	6.4.1.1 жеке және көп қабатты үйлерді ажырату; 6.4.1.2. қаладағы және ауылдағы адамдар тұратын тұрғын үйлерді ажырату; 6.4.1.3. ауылдағы үй құрылысының шаруашылық	7.3.1.1 киіз үй құрылысының ерекшеліктерін білу (дөңгелек, тез жиналады, жеңіл, жылы, тасымалдауға ыңғайлы); 7.3.1.2 жатын бөлме, жатын бөлме жиһаздарын білу;	8.4.1.1 киіз үйде киім мен үй тұрмысындағы заттардың сақталу ерекшеліктері туралы білу; 8.4.1.2 тұрғын үй түрлерін бағдарлай, тұрғын және қосалқы үй-жайларды ажыратып, олардың мақсатын және	9.4.1.1 киіз үйде киім мен үй тұрмысындағы заттардың сақталу ерекшеліктері туралы білу; 9.4.1.2 тұрғын үй түрлерінде бағдарлауға, тұрғын үй және қосалқы үй-жайларға бөлуге, олардың мақсатын және

	ғимараттағы заттардың функцияна лды қолданысын анықтау.	маңызын түсіндіру; 6.4.1.4 оның жоспары бойынша әрбір бөлменің қызметтері н сипаттау;		мазмұнын айқындауды білу; 8.4.1.3 пәтер мен үйдің үй-жайларында жиһаз және интерьер заттарын ұтымды орналастыра білу.	мазмұнын анықтай алуды 9.4.1.3 пәтер мен үйде жиһаз және интерьер заттарын ұтымды орналастыра білу.
4.2 Үй тазалығы	5.4.2.1 кілемді шаңсорғыппен тазалау; еденді жуу	6.4.2.1 жиһазға күтім жасау (жылтыратылған және жылтыратылмаған жиһаз); 6.4.2.2 тұрғын үйге күнделікті және аптасайын тазалық жұмыстарын жүргізу; 6.4.2.3 үйдегі, пәтердегі үй жануарларын күту	7.3.2.1 терезелерді жуа білу; 7.3.2.2 терезедегі перделерді күте білу; 7.3.2.3 жылу батареяларын күте білу (шандарын сүрту, жуу); 7.3.2.4 жарықшамдарды күте білу (сүрту, жуу); 7.3.2.5 тұрғын үй-жайды мезгілдік жинай білу	8.4.2.1 пәтерді (үйді) күнделікті, апталық, маусымдық тазалауды жүзеге асыру; 8.4.2.2 үйді косметикалық жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде жөндеуге дайындық бойынша қызметті қамтамасыз етуге басшылық жасай білу; 8.4.2.3 косметикалық жөндеулерге арналған құрылыс материалда	9.4.2.1 пәтерді (үйді) күнделікті, апталық, маусымдық тазалауды жүзеге асыра білу; 9.4.2.2 үйді косметикалық жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде жөндеуге дайындық бойынша қызметті қамтамасыз етуге басшылық жасай білу 9.4.2.3 косметикалық жөндеуге арналған құрылыс материалда

				рын сатып алу орындарын да бағдарлай білу; 8.4.2.4 асүйді, жуынатын бөлмені, тазалай білу; 8.4.2.5 айналарды күте білу; 8.4.2.6 жуғыш заттарды таңдауды және сатып алуды білу	рын сатып алу орындарын бағдарлай білу (асүйді, жуынатын бөлмені) тазалай білу 9.4.2.4 айналарды күтуді, жуғыш заттарды таңдай және сатып ала білу таңдау және сатып алу
--	--	--	--	--	--

5) 5-бөлім «Көлік»:
5-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
5.1 Көлік құралдарының түрлері	5.5.1.1 жекелеме және қоғамдық көлік түрлерінің қызметі туралы білу; 5.5.1.2 қоғамдық көліктегі жолаушылардың міндеттері н білу;	6.5.1.1 арнайы көліктердің қызметін білу; 6.5.1.2 полицияның, дәрігердің, өртсөндірушінің міндеттері н білу;	7.5.1.1 автобекеттің қызметін білу; 7.5.1.2 қала аймағындағы негізгі бағыттардың білу; 7.5.1.3 автобекеттегі қосымша қызметтер	8.5.1.1 вокзалдың негізгі қызметтері туралы білу 8.5.1.2 теміржолдың жолаушыларына қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың кәсіптері	9.5.1.1 әуежайдың және оның негізгі қызметтері туралы білу 9.5.1.2 әуе көлігінің жолаушыларына қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың жұмысын

	<p>5.5.1.3 көлікке жолаушылардың көлікке отыру және түсу ережелерін білу;</p> <p>5.5.1.4 қоғамдық көліктегі адамдардың жұмысы туралы білу;</p>		<p>ді білу;</p> <p>7.5.1.4 жолаушыларға қызмет көрсететін адамдардың еңбектері туралы білу;</p> <p>7.5.1.5 анықтамалық қызметіне автобустар бағыттарының кестесін білу;</p> <p>7.5.1.6 автобекет кассасына билетті сатып алу тәртібін білу;</p> <p>7.5.1.7 қалааралық автокөліктің қызметі туралы білу;</p> <p>7.5.1.8 қалааралық автобустардың негізгі бағыттарының білу,</p> <p>7.5.1.9 жүк</p>	<p>туралы білу</p> <p>8.5.1.3 жолаушылар вагондарының типін және билеттің тиісті бағасын білу</p> <p>8.5.1.4 поездардың қозғалысы, анықтама қызметі, теміржол билеттерін алу тәртібі (билет кассасында сатып алу, телефон бойынша тапсырыс беру)</p> <p>8.5.1.5 багажды және қол жүгін багажды сақтау қоймасына жеткізу және алу тәртібі туралы білу,</p> <p>8.5.1.6 теміржолдағы жол-көлік апаттарының түрлерін анықтау,</p>	<p>түсіну;</p> <p>9.5.1.3 ұшу кестесінің мақсаты туралы білу;</p> <p>9.5.1.4 анықтамалық қызметтің мақсатын білу;</p> <p>9.5.1.5 авиабилеттерді сатып алу тәртібі туралы білу (қолма-қол ақшаны сатып алу, телефон бойынша тапсырыс беру);</p> <p>9.5.1.6 багажды және қол жүгі тіркеу тәртібі туралы білу;</p> <p>9.5.1.7 сақтау қоймасын пайдалану тәртібі туралы білу;</p> <p>9.5.1.8 терминалдың және оның негізгі</p>
--	--	--	---	---	--

			сақтау камерасы қызметі және оны қолдану тәртібін білу; 7.5.1.10 қала аймағы және қалааралық автобустарға отыру ережесін білу 7.5.1.11 жүкі жинау және қол жүгі ерекшеліктері	төтенше жағдайларда жолаушылардың мінез-құлық тәртібін; төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету туралы білу;	қызметтерінің тағайындау туралы білу
5.2 Көлікте, жолда өзін ұстау тәртібі	5.5.2.1 қолдана білу: қоғамдық көлікте тәртіп ережелерін сақтау (отыру ережелерін, билет сатып алу, салондағы, көшедегі тәртіп); 5.5.2.2. автобус, трамвайды айналып	6.5.2.1 жол белгілерін білу; 6.5.2.2 көліктен түскен кезінде жолдан өту ережесін білу; 6.5.2.3 көлікті айналып өту ережесін білу (автобус, трамвай,	7.5.2.1 қала аймағындағы, қалааралық көлікте сапарға жүруде жөн таба білу; 7.5.2.2 автобекет ғимаратында жөн таба білу 7.5.2.3 автобустар бағыты кестесі	8.5.2.1 теміржол вокзалының ғимаратында, поезд кестесінде (мүмкіндігіне қарай) бағдарлай алуды білу; 8.5.2.2 Вокзалдың анықтамалық және әртүрлі қызметтерін пайдалана алу, билетті сатып алуға	9.5.2.1 әуежай мен әуежай ғимаратында арнайы таңбалар мен ақпараттық тақталар арқылы бағдарлай білу; 9.5.2.2 әуе кемесінің ұшу кестесін бағдарлай білу; 9.5.2.3

	өту; 5.5.2.3 жол жүру ережесін сақтау	троллейбус); 6.5.2.4 жолда болған төтенше жағдайдың себепін білу; 6.5.2.5 төтенше жағдайдағы тәртіп ережесін білу; 6.5.2.6 арнайы көліктерді сыртынан ажырата білу; 6.5.2.7 жолды көрсетілген жерлерден өте білу; 6.5.2.8 көліктен түскенде дұрыс айналып өтуді білу; 6.5.2.9 жол апаты жағдайында өзін өзі ұстай білу;	бойынша жөн таба білу, мүмкіндігінше автобекеттегі анықтамалық және әртүрлі қызметтерді пайдалана білу; 7.5.2.4 билет сатып ала білу (мүмкіндігіне қарай); 7.5.2.5 жүкті және қол жүгін жинай білу; 7.5.2.6 жүк сақтау камерасы қызметін қолдана білу	тапсырыс беруді білу 8.5.2.багажды және қол жүгін жинай білу, багажды және қол жүкті жинау үшін сақтау бөлмесін қолданыңыз, сақтау бөлмесін қолдана білу	әуежай мен әуежай терминалының анықтамалық қызметтері және әртүрлі қызметтерді пайдалана білу 9.5.2.4 әуе арқылы саяхат жасау процесіне бейімделе білу
5.3 Қала бойынша қозғалыс бағыты	5.5.3.1 мектептің орналасуын, өзінің тұратын	6.5.3.1 қоғамдық көлікпен қатынас жасау;	7.5.3.1 қоғамдық көлікте жүруді іске асыру	8.5.3.11 қалалық көлікте сапарға шығу	9.5.3.1 қоғамдық көлікте (қалалық, қала

	ауданының негізгі бағыттары н бағдарлай білу	(қала ішінде, мектепке қатынау) (маршрут, көлік түрлері)	(қалалық, мектепке бару, секцияға) (бағыт, көлік түрлері)	(мектепке бару (маршрут, көлік түрлері) туралы білу	маңындағы, қалааралық) саяхаттау ережелерін білу және оларды пайдалана алу; 9.5.3.2 негізгі жергілікті көліктік бағыттарда жүре алу, такси қызметтері н пайдалана алу
--	---	--	--	---	---

б) 6-бөлім «Отбасы»:
6-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
6.1 Отбасы құрамы	5.6.1.1. отбасы мүшелерін атау (фамилиясы, аты, әкесінің аты, жас мөлшері);	6.6.1.1 өзінің жақын туысқандарының фамилиясы, есімін, әкесінің атын, білу; 6.6.1.2. туысқандық қатынастарды атай білу;	7.6.1.1 өзінің, жақын туыстардың, немере қарындас-ағаларының фамилиясы, атын, әкесінің атын білу; 7.6.1.2 олардың туысқандық дәрежелерін атай білу	8.6.1.1 жақын туыстарды достар мен таныстардан ажырата білу;	9.6.1.1 өзінің атын және отбасы мүшелерінің аттарын атай алу әкесі, анасы, бауыры, апкесі, атасы, әжесі; отбасындағы өзінің әлеуметтік рөлін білу; (қыз немесе ұл, немере

					немесе немере қыз, бауыр, әпке)
6.2 Отбасылы қ қарым- қатынаста р	5.6.2.1 отбасында ғы үлкендерг е сыйластық пен қарай білу 5.6.2.2 тұрмыстағ а отбасы мүшелерін ің міндеттері н анықтай білу; 5.6.2.3 отбасында ғы салт- дәстүрлері анықтай білу; 5.6.2.4. отбасының үлкендерін е құрметпен қарау, қазақ халқының дәртiүрлер і бойынша отбасы үлкеніне ізеттілік көрсету.	6.6.2.1 үй шаруашыл ығына қолдан келетін көмек көрсету 6.6.2.2. отбасы мүшелер арасындағ ы үй шаруашыл ығына байланыст ы міндеттері нің бөлінуін білу; 6.6.2.3. отбасы мүшелерін ің еңбегін құрметтеу;	7.6.2.1 күнделікті үйдегі міндеттерд і орындай білу; 7.6.2.2 отбасы мүшелерін е қамқорлық жасай білу; 7.6.2.3 отбасын құру, отбасылық қарым- қатынас мәдениеті, отбасылық дәстүрлерд і үйрену сұрақтары бойынша хабардар болу; 7.6.2.4 ақшалай қаражат бюджетіні ң құрамдас бөліктерін анықтай білу (кіріс және шығыс); 7.6.2.5 отбасы	8.6.2.1 отбасының кіші және кәрі мүшелеріне қамқорлық жасауды білу; 8.6.2.3 отбасылық дәстүрлерді бағдарлай білу; 8.6.2.4 отбасылық бюджетті жоспарлай білу.	9.6.1.1 өзін және өзінің отбасы мүшелерін: атасы, анасы, ағасы, әпкесі және әжесін атай білу; 9.6.1.2 отбасындағ ы өзіңіздің элеуметтік рөліңізді (ұлыңыз немесе қызыңыз, немере не немере, ағаңыз, апайыңыз) анықтай білу;

			кіріс көздерін, шығыс негіздерін анықтау; 7.6.2.6 отбасылық бюджетті жоспарлай білу (күнделікті, айлық шығысты жоспарлау)		
6.3 Қазақстан Республикасы азаматтарының құжаттары	5.6.3.1 құжаттарды атау, баланың жеке куәлігі (туу туралы куәлік)	6.6.3.1 азаматты жекелеме куәландіруші құжаттарды білу және атау (туу туралы куәлік); 6.6.3.2 азаматтың жеке куәландіруге байланысты негізгі құжаттарды білу (жеке сәйкестендіру нөмірін, жеке куәлік)	7.6.3.1 азаматты жекелеме куәландіруші құжаттарды білу және атау (туу туралы куәлік, жеке куәлік); 7.6.3.2 жеке сәйкестендіру нөмірін білу	8.6.3.1 Қазақстан Республикасының азаматының негізгі құжаттарын бағдарлай білу (туу туралы куәлік, паспорт, білім туралы куәлік)	9.6.2.1 үй шаруашылығын басқаруға, отбасы мүшелеріне қамқорлық жасауға белсенді қатысу, 9.6.2.2 Отбасылық бюджетті жоспарлай: отбасы табысының айлық мөлшерін анықтай, шығыстарды жоспарлай білу; 9.6.2.3 отбасындағы балаларға күтім жасаудың

					негізгі түрлерін орындау (монша, киім-кешек, тамақтандыру); 9.6.2.4 отбасы мүшелерінің арасында күнделікті өмірдегі міндеттерді бөлуді бағдарлай білу; 9.6.2.5 отбасылық демалыс ұйымдастыру, отбасылық дәстүрлерді бағдарлай білу; 9.6.2.6 мерекелерде құттықтай ала білу; 9.6.2.7 қонақтарды шақыру және қабылдау;
--	--	--	--	--	--

7) 7-бөлім «Мерекелер мен салтанатты жиындар»

7-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
Мерекелерге	5.7.1.1 туған	5.7.1.1 негізгі	7.7.1.1 әртүрлі	8.7.1.1. жерлеу	9.7.1.1 әртүрлі

